

Жария сервитутты белгілеу туралы

Қарағанды облысы Ақтөгай ауданының әкімдігінің 2025 жылғы 24 сәуірдегі № 24/03 қаулысы

Қазақстан Республикасының Жер кодексіне, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Ақтөгай ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес "BrightRock Resources" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне пайдалы қазбаларды барлау үшін, жалпы көлемі 27,8434 гектар жер участесін меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қоймай, 2030 жылдың 14 маусымына дейін жария сервитут белгіленсін.

2. "BrightRock Resources" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша) жер пайдаланушыларға және жер участесінің иелеріне толық көлемде шығындарын өтеуді қамтамасыз етсін, шығын көлемі және олардың өтемақысы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тараптардың келісімдері бойынша белгіленсін.

3. "Ақтөгай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындастырын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөгай ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А.Аманжолов

Ақтөгай ауданы әкімдігінің

2025 жылғы 24 сәуірдегі

№ 24/03 қаулысына қосымша

"BrightRock Resources" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне жария сервитут белгіленетін жер участекелерінің тізбесі

p/c №	Ж е р пайдаланушылардың (Кадастрық номірі меншік иелерінің) атауы	Жария сервитут белгілеудің жалпы алаңы, гектар
1	Ақтөгай ауданының жер қоры	27,8434

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК